

Ақтөбе қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 389 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Ақтөбе қаласы "Астана" ауданының Әділет басқармасында 2018 жылғы 19 желтоқсанда № 3-1-221 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына, 50 бабының 2-тармағына сәйкес, Ақтөбе қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақтөбе қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Ақтөбе қалалық мәслихатының 2015 жылғы 4 наурыздағы № 319 "Ақтөбе қаласының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4244 болып тіркелген, 2015 жылғы 31 наурызында "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) шешімі;

2) Ақтөбе қалалық мәслихатының 2016 жылғы 25 тамыздағы № 92 "Ақтөбе қаласының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік үйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы" Ақтөбе қалалық мәслихатының 2015 жылғы 4 наурыздағы № 319 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5048 болып тіркелген, 2016 жылғы 13 қыркүйегінде "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімі.

2. "Ақтөбе қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Ақтөбе қалалық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе қалалық мәслихатының сессия төрағасы

Ақтөбе қалалық мәслихатының хатшысы

E. Татимов

C. Шынтасова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК